

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚ БІЛІМДЕНДІРУ
МИНИСТРЛІГІ**

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты

**Қазақ тілі мен әдебиетінен 4-курс білімгерлеріне педпрактикадан
методикалық нұсқау**

Ы. Құттымұратова

Нөкіс-2011

Ы.Құттымұратова. Қазақ тілі мен әдебиетінен 4-курс білімгерлеріне педпрактикадан методикалық нұсқау Нөкіс «Қарақалпақстан» 2011, 30 бет.

Алғы сөз

Педагогикалық институттар мен университеттердің филология факультеттерінде негізінен тіл және әдебиет пәнінің мұғалімдері таярланады. Осыған орай әсіресе, педагогикалық жоғарғы оқу орындарында педагог кадрлар дайындау үшін жүргізілетін педагогикалық жүйедегі пәндер қатарында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың методикасында жоғарғы курс студенттерімен өткізілетін педагогикалық практикаға ерекше көңіл бөлінеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша келешекте мұғалім болып істейтін болашақ ұстаздарға теориялық білім дағдылары мен бірге практикалық тәжірибе, мектеп тұрмысын жете тану, оқушылармен жақсы да жүйелі жұмыс жүргізе білу ауадай қажет.

Сондықтан да педагогикалық практиканың мәні мен маңызы студент жастар үшін ерекше болмақ.

Қазіргі таңда халыққа білім беру саласында бір қатар маңызды шаралар ойластырылып, оларды мектеп практикасында қолдану қажеттілігі кең түрде сөз болып жатыр. Осыған байланысты мектептерде өткізілетін педагогикалық практиканың да сипаты мен сапасына бірқатар өзгерістер, сапалы жаңалықтар енгізілуі тиіс. Дегенмен, педагогикалық практиканы қалай жүргізу, оны нәтижелі етіп өткізу мәселелеріне арналған азын-аулақ методикалық нұсқаулар болмаса, студенттерге арналған көмекші құралдар қазақ тілінде жоқтың қасы. Бары да ескірген, студенттердің оларды тауып пайдалануы өте қиын. Содан да болар, мектептерге педагогикалық практикадан өтуге барған студенттеріміз елеулі кедергілерге кездеседі. Практикаға лайықты іс қағаздарын әзірлеуде, күнделікті сабақ жоспары мен конспектісін жасауда, сондай – ақ, өздері қатынасқан сабақтарға талдау жасауда, әсіресе, саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізуде, әр алуан үйірмелер өткізуде студенттер біраз қиналады. Міне, осындай жағдайларды ескере

отырып, педагогикалық практиканы қалай өткізу жолдарын, оларды нәтижелі, сапалы етіп өткізудің бірқатар амал-тәсілдерін жүйелі түрде осындай көмекші құралда баяндап беруді мақсат еттік.

Жұмыста негізінен Университеттер мен пединституттарға арналған Узбекистан халыққа белім беру уәзірлігінің студенттердің педагогикалық практиканы өткізуі бойынша нұсқау хаттарын басшылыққа алдық. Сонымен бірге еліміздің жоғарғы оқу орындарында басылып шыққан осы мазмұндағы көмекші құралдардыңда қажетті тұстарынан пайдаландық.

Көмекші құралда біз өзіміздің көп жылдар бойы студенттердің педагогикалық практикасына басшылық ету барысында жинақтаған тәжірибелерімізбен түйген ой-пікірлерімізге көбірек сүйендік.

Сондай-ақ, бұл құралда алдымен, педагогикалық практика мерзімінің тапшылығы, арнаулы методистердің кей жағдайда бөлінбеуі т.с.с жағдайларды ескере отырып, студенттер үшін қажетті методикалық мәселелерді қамтыдық.

Студенттердің педагогикалық практикасы және оны ұйымдастыру.

Студенттердің педагогикалық практикасын дұрыс та сапалы ұйымдастырудың және оны бүгінгі күн талабы дәрежесінде өткізудің маңызы аса зор болып есептеледі. Педагогикалық практика дәуірінде әрбір студент өзінің институт қабырғасында алған теориялық білімі мен практикалық дағдыларын іс жүзінде сынап көреді, оқытушы қызметінің алғашқы баспалдағын аттап, оның ыстық-суығы мен ащы-тушысының дәмін татады. Көп ретте, жас маманның болашақта үлгілі ұстаз, ұлағатты тәрбиеші болып қалыптасуының бір ұшы осы алғашқы мектептерде өткен студенттік практикада жатыр деп байлам жасауға да болатын тәрізді. Сондықтан да бұлар, педагогикалық практика тек студенттер қауымы үшін ғана емес, оқытушылар ұжымы, мамандық беретін де, педагогикалық білім жүйесін үйрететін де кафедралар үшін үлкен сын болмақшы. Демек, педагогикалық практика негізгі мамандыққа үйретуде, мұғалімдік қызметінің алғаш әліппесін танытуда ерекше маңызға ие.

Педагогикалық практика кезінде студенттердің алдына көптеген тың да маңызды міндеттер жүктеліп, нақты мақсаттар қойылады. Оның бастылары мыналар:

- студенттердің дүние танымын қалыптастыру, идеялылықпен сенімділікті арттыру, студенттердің саяси-тәрбие жұмыстарының белгілі де басты дағдыларын меңгеруі.
- мектептегі оқу және тәрбие жұмыстарымен танысу.
- қазақ тілі және әдебиеті пәнінен сабақ беруге жаттығу, сабақ оқытудың әр алуан әдіс-тәсілдерін меңгеру, дағдылау.
- институт қабырғасында алған теориялық білім дағдыларын педагогикалық практика барысында жан-жақты қолдана білу.
- оқу-тәрбие жұмысын өз бетінше жүргізуге, өз бетінше әр алуан саяси-тәрбиелік шараларды өткізуге үйрену.

- творчестволық белсенділікті, өзі таңдаған мамандыққа болған құштарлықты нығайта, бекіте түсу.

Өзінің мазмұны мен сипатына қарай педагогикалық практика үш түрге бөлінеді. Олар негізінен, оқу процесі, тәрбие жұмыстары және мектептану деп аталады \мектептану-мектепті басқару яғни әкімшілік және мектептік шаруашылық жұмыстарынан тұрады.

Педагогикалық практиканың басты жүйесі болған оқу процесіне байланысты көптеген жұмыстар атқарылады. Олардың бастыларын атап айтқанда мыналар:

- қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімінің оқыту жұмыстары мен тәрбие саласында жүргізетін істері бойынша жинақталған тәжірибесін үйрену, пән мұғалімдерінің сабақтарына жүйелі түрде қатынасып отыру және ол сабақтарға анализ жасау. Сондай-ақ, басқа пәндерден оқытатын оқытушылардың да сабақтарына қатынасып, олардың оқытудағы методикасымен танысу қажет. Себебі мектепте өтілетін пәндердің методикасы мен сабақ процесінде берілетін тәрбие істері бір-бірімен өте тығыз байланыста болады.

- практикадан өтуге тиісті студенттерді сабақ беруге өз бетінше дайындалуға үйрету.

- қазақ тілі және әдебиеті бойынша күнделікті сабақ жоспарын және конспектісін жасауға үйрету, оны алдын ала көріп шығу жоспардағы кемшіліктерді түзету, пән мұғалімдері мен методистердің кеңестері бойынша жоспарды үнемі толықтырып, түрлендіріп отыру.

- мамандық пәні бойынша сыныптарға сабақ беру өз сабақтары туралы пікір айту және өзге де практикант-студенттердің сабақтарын талдай білу, өз пікірін ортаға салып, келесі сабақтың табысты өту жолдарын қарастыру, жолдастарының мектептің пән мұғалімдері мен методистердің пікірлеріне құлақ салып, келешекте қате-кемшіліктерді мүмкін болғанша жібермеуге ұмтылу.

- сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарды мұқият түрде орнатып отыру, бұған оқушылардың дәптерлерін тексеру, тіл-әдебиет бойынша үйірме жұмыстарын ұйымдастыру, тақырыптық оқушылар жиынын, кешелер, олимпиадалар өткізу, көрнекі құралдар дайындау, ата-аналар жиналыстарын ұйымдастыруға және өткізуге көмектесу, оқушылардың үйлеріне барып, олардың сабаққа дайындалу жағдайы мен тұрмысын танысу, ата-аналармен байланыс жасау, әр-түрлі тақырыптарда әңгімелесу жүргізу.

- мектептерде өткізілетін факультативтік сабақтардың методикасын меңгеру.

Тәрбие жұмысы да педагогикалық практиканың құрамды бір бөлімі болып есептеледі. Студент оқу жұмыстарымен бірге саяси-тәрбие жұмыстарына да ерекше көңіл бөліп, болашақтағы негізгі кәсібіне байланысты тәрбие істерінің қыр-сырларымен танысып шығады. Санамалап айтқанда, тәрбие жұмыстарына байланысты орындалатын жұмыс түрлері төмендегіше.

-өзі бекітілген класс оқушылары мен танысу, олардың мінез-құлқын тағы басқа да жекелеген өзгешеліктерін бақылау.

- сынып жетекшісінің тәрбие жұмысына арналған жоспарын оқып, толық танысып шығу, оқушының тәрбие істерін жүргізудегі тәрбиесін, шеберлігін үйрену, өз бетінше де тәрбиелік істерді жүргізуге дағдылану, оқушының тәжірибесі мен тәрбие жоспарын өзінше пайдалана білуді үйрену.

- сынып жетекшісінің мектеп директорының, оның тәрбие істері бойынша орынбасарларының тапсырмаларын орындау.

- оқушы және студент ұйымдарының іс жоспарларымен танысып, оларды жүзеге асырға көмектесу.

- мектепте өткізілетін сыныптан тыс басқада қоғамдық жұмыстарға белсене қатынасу.

Мектептану педагогикалық практиканың негізгі мақсаты бөліктерінің бірі болып есептеледі, онда оқушылар мен мектеп басшылары, басқа да қоғамдық ұйымдар жүргізетін жұмыстар қамтылады. Студент практикант

педагогикалық практика кезеңде мектептануға байланысты мына нәрселерді көңіл қоя меңгеріп, үйреніп алуға міндетті.

- мектеп директорының, оның оқу және тәрбие жұмыстары бойынша орынбасарларының, сынып жетекшісінің кезекші оқытушының, камалат жетекшісінің атқаратын міндеттерімен танысу.

- мектептің педагогикалық кеңесін методикалық бірлеспелердің, ата-аналар ұйымының, камалат ұйымының кеңесінің және басқа да қоғамдық ұйымдардың мазмұны және түрлерімен танысу.

- мектеп іс-қағаздарымен, оқу-тәрбие жұмысының жоспарымен, сабақ кестесімен, мектептің ішкі тәртіп ережелерімен, мектеп оқушыларының ережелерімен, мектептің есеп беру формаларымен, сынып журналы және оны толтыру тәртібімен, оқушылардың жеке іс қағаздарымен күнделік тәртібімен таныстыру.

- мектептің оқу өндірістік базасымен, оқу кабинеттерімен, лабораториямен, ұстаханалармен, шеберханаларымен және кітапханасымен танысу.

- мектептегі оқу және тәрбие істерінің формаларымен, факультатив сабақтарымен, пән үйірмелерімен, оқушылардың ғылыми қоғамдарының, лекторлық топтармен саяси хабарламашылардың және мектеп музейі мен клубының, камалат ұйымдарының жұмыстарымен танысу.

- мектептің санитария-гигиеналық тәртібімен танысу.

Филология факультеті студенттерінің педагогикалық практикасының түрлері мен мерзімі оқу жоспарында көрсетіледі де, ал, практиканың мазмұны Халыққа білім беру уәзірлігінің жоғарғы оқу орындары студенттерінің педагогикалық практикасына басшылық ету және оны өткізу жөніндегі нұсқау хаттарында белгіленеді. Қазіргі кезде педагогикалық практиканы төртінші курста он үш апта көлемінде өткізіп жүрміз.

Практиканы өткізу үшін студенттер белгілі бір мектепке бекітіледі және практиканы басқару үшін, студенттерге методикалық жәрдем беру үшін тәжірибелі оқытушы-методистер белгіленеді. Сыныптан тыс тәрбие істерін алып баруға басшылық ету үшін педагогика және психология кафедрасының

методисі болуы да қажет. Солай етіп қазақ тілі және әдбиеті пәнінен ң курста педагогикалық практиканы алып бару үшін кемінде төрт методист оқытушы қатысады.

Педагогикалық практиканың алдында факультет деканаты кафедра методистері және педагогика, психология кафедралар өкілдерінің қатынасуымен студенттерге педагогикалық практиканы өткізу бойынша жол-жоба беретін конференция ұйымдастырады, онда студенттерге педагогикалық практиканы өткізу тәртібі мен оның мазмұны түсіндіріледі. Кейде мұндай конференцияны мектепте ұйымдастыруға да болады.

Мектептерде студенттер екі-үштен сыныптарға бөлінеді, егер сынып саны жеткілікті болса, әр студентті бір сыныпқа бекітуге де болады. Студент өзі бекітілген сыныпта мектеп директорының тәрбие істері бойынша орынбасарының және сол сыныптың мектеп жетекшісінің басшылығында барлық сыныптан тыс жұмыстарды ол жұмыстарды жоғарыда атап өтілген болатын\ алып барады.

Практиканың бірінші аптасы студенттердің мектеппен \структурасы, тарихы, заңы, ішкі тәртіп ережелері, оқу өндірістік базасы, сынып оқушылардың құрамы, олардың жеке іс қағаздары, документтері, саяси-тәрбие жұмысының жоспары, оның мазмұны\ жалпы танысуға арналады.

Сонымен бірге студенттер практиканың алғашқы күндерінен бастап-ақ, мектептің қазақ тілі және әдебиеті мұғалімдерінің және методистердің көмегімен календарлық-тақырыптық \тематический\ жопардың негізінде өзі өткізетін сабақтардың тақырыбымен оқытатын күндерін анықтайды және сынып жетекшісінің тәрбиелік жоспары бойынша сынып оқушыларымен алып барылатын сыныптан тыс жұмыстарды белгілейді. Қазақ тілі және әдебиеті пәнінен өтілетін тақырыптардың ізбе-ізділігі материалдың характеріне, тақырыптың ерекшелігі мен сол сыныптың бағдарламасына байланысты болады. Екінші аптадан бастап студенттер қазақ тілі және әдебиеті пәнінен өз бетінше баға қойылмайтын \пробный\ бірнеше сабақ береді. Ондай сабақтар саны екі немесе үшеу болуы да мүмкін. Олардың

кейінгі сабақтарына болса, барлық практиканттардың, мектеп пән мұғалімдері және методистердің қатысуымен талқыланып баға қойылады. Әрбір талқыланған сабаққа протокол жүргізіледі. Студенттердің сабақтарын бағалауда шығып сөйлеген барлық адамдардың пікірлері есепке алынады. Әрбір студент көмегінде төртінші курста 10-12 сабақ беруі тиіс.

Практика барысында студенттердің жауапкершілігін және белсенділігін арттыу үшін, олардың арасынан «мектеп директоры», «оның оқу және тәрбие істері бойынша орынбасарлары» белгіленіп, практиканың барлық ұйымдастыру жұмыстары оларға жүктеледі. Ал методистер болса, тек методикалық жақтан басшылық ету мүмкіншілігін алады. Әрине, практикант-студенттердің «әкімшілік жұмыстарын мектеп басшылары қадағалап барады»

Педагогикалық практиканың соңында мектепте не факультетте қорытындылау конференциясы өткізіледі. Методистер практиканың барлық жағын \оқу-тәрбие, сыныптан тыс жұмыстарды/ есепке ала отырып, студенттерге 100 баллдық жүйемен баға қояды. Педагогикалық практикаға байланысты барлық құжаттар \іс қағаздары\ мен методистердің есебі кафедраға тапсырылады. Практиканың барысы мен қорытындысы кафедра мәжілісінде және факультет кеңесінде қаралады.

Практиканы өту уақытында студенттер мектепте «Студенттердің педагогикалық практикасы бойынша нұсқауда» белгіленген барлық жұмыстарды орындауы тиіс, қоғам жұмысына саналылықпен, ықыласпен қарауы және әрбір сабаққа, әрбір сыныптан тыс өткізілетін жұмысқа жан-жақты дайындалуы керек. Саяси-ғылыми білімдердің жетістіктерін ата-аналар мен бұхара халық арасында үгіттеу-насихаттау ісіне де белсенді қатысуы керек. Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен практика басшыларының \методистердің\ және мектеп әкімшілігінің тапсырмаларын орындау практикант-студенттердің негізгі де басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Біз жоғарыда педагогикалық практиканың сан алуан түрлері болатындығын атап өткенбіз. Міне, осыған орай, әрбір практиканың мазмұны

мен мақсатына байланысты практикадан өтуші студенттер алдына алуан түрлі міндеттер мен мақсаттар қойылады.

4-курс студенттерімен өткізілетін педагогикалық практиканың негізгі мақсаты мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ісімен танысу, сабақтарға дайындалу, оларды кіргізу дағдысын қалыптастыру, оқушыларымен алып барылатын \5-8\ тәрбие жұмыстарының негізгі бағыты мен түрлерін үйрену болып табылады. Соныменен бірге төртінші курс студенттері осы практиканы өткізу уақытында мына мәселелерді орындауға міндетті,

- мектеппен, сыныппен толық та тыңғылықты танысу, сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің және камалаттардың атқаратын міндеттерімен, мектептің ішкі тәртіп ережелерімен танысу,

- 5-9 сыныптарда қазақ тілі және әдебиеті пәнінен үш не төрт баға қойылмайтын \пробные\ сабақ өткізу, сондай-ақ сегізінші және он бірінші сынақ қойылатын сабақтар өткізуге әзірлену,

- практикадағы студент жолдастарының сабақтарына жүйелі түрде қатынасып отыру, олардың сабақтарына бақылау жасау, методикалық жағынан сабақтарды талқылауға, методикалық ой-пікірлерін білдіруге әзірлену,

- өзі өткізген сабақтар туралы өзінше талдау жасай білу, іс сабағының қате кемшіліктерін, содай-ақ жетіскендіктерін де алдымен өзі саралап танитын болу, әріптес жолдастарының сабақтарына кең түрде методикалық, ғылыми, теориялық және педагогикалық тұрғыдан талдау жасауға дағдылану, үйрену.

- методистер мен сынып жетекшілерініңкелісімі және ұйқарымдары мен бір қатар саясм-тәрбие жұмыстарына байланысты болған, жеке арнаулы тапсырмалар орындауға белсене қатысу, тәрбиелік маңызы бар тақырыптарға байланысты сынақ қойылатын шаралап өткізу.

- педагогикалық практиканың қыры мен сыры көп. әсіресе, қазіргі таңда мектептің ішкі, сыртқы тұрмысына елеулі өзгерістер енгізілуі өмір талабына айналып отырған дәуірде студенттердің педагогикалық практикасына да бір

қатар жаңалықтар, тиімді де нәтижелі болатын өзгерістер енуі мүмкін. Қалыпты педагогикалық практика мектеп басшыларымен, мектептің жалпы педагогикалық коллективімен мектеп директорының не оның оқу, тәрбие жұмыстары бойынша орынбасарының студенттері мектеп өмірінен, оның қысқаша тарихымен таныстырудан басталады әр мектептің өзіне лайықты тарихи, қысқаша өмірбаяны болады, қалыптасқан дәстүрі болады. Мектепке алғаш қадам қойған әрбір маман алдымен осы мектеп ұжымының дәстүрлі тарихымен танысып алуы шарт.

Мектеп басшыларының әлгіндей таныстыруынан соң, әрбір студент-практикант сыныптарға бекітіліп бөлінеді әдетте, 4-курс студенттері 5-9 сыныптардың біріне, сынып жетекшісімен, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімімен танысады, олармен бірлікте келешекте орындалатын тәрбие жұмыстарын және өзі оқытатын сабақтардың тақырыбы мен күнін, мерзімін анықтайды. Оған алдын ала дайындалу үшін пән мұғалімінен, методистен ақыл-кеңес алып, не істеу қажет екендігін біліп алады.

Практиканың бірінші аптасы пассив практика деп аталады да, ол уақытта студент өзі бекітілген сыныптағы барлық сабақтарға қатынасып, оқушылармен танысады, олармен әңгімелеседі, мұғалімдердің іс-тәжірибесін үйренеді, өз сыныбынан басқа сыныптардың да қазақ тілі мен әдебиетінен өткізілетін сабақтарын қатынасады. Солай етіп, келешек сабақтарына, сыныптан тыс жұмыстарға дайындық көреді. Сабақтың және тәрбие жұмыстарының барлық түрлерін есепке алып, өз бетінше жеке іс жоспарын түзеді. Практикант кемінде мектепте алты сағат болуы керек.

Екінші аптадан бастап, практикант қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімімен және методистердің басшылығымен өзіне бекітілген сыныптарға сабақ бере бастайды. Жоғарыда айтылғанындай, ол сабақтардың екеу-үшеуі сынақсыз, ал қалған 8 не 10 сабағы сынақ немесе баға қойылатын сабақтар болуы қажет.

Студенттердің сыныппен істесу дағдысы әлі қалыптаспағандықтан, алғашқы сабақтардың жоспарын тусуде, оны іске асыруда мектеп

мұғалімдерімен методистердің көмегі өте қажет. Сынақсыз сабақтарға да методистер, мектеп мұғалімі және өзге практиканттар қатысады, соңынан жан-жақты талқыланып, практикант жіберген кемшіліктерді келесі сабақтарда болдырмау жолдарын қарастырып, сабаққа баға қойылмайды. Дегенмен, методист-практиканттың алғашқы сабақтарына қарап-ақ оның алған мамандығына деген ықыласын және ұқыптылығын байқайды., оларды есепке алып отырады.

Сынақтық сабақтардың жоспары мен конспектілері алдын ала дайындалып, мектеп мұғалімдерімен келіседі де, методист оны практиканттың сабағынан кем дегенде бір күн бұрын бекітеді. Бұл практиканттың өз сабағына алдын ала жақсы және мұқият дайындалуына біршама мүмкіншілік береді. Егерде сабақ жоспарын методист күні бұрын танысып, бекітпесе, практикант сабақ өткізуге жіберілмейді. Бұл жағдайда студенттің келесі сабақтарды өткізуі не өткізбеуі де қаралады.

Сынақсыз сабақтарға методистер мектептің пән мұғалімі сондай-ақ практиканы өтуге әкелген студенттер қатынасады. Олар, әрине бақлаушы болып қана отыруы шарт, сабақ процесінде немесе практикант сабақ өтіріп тұрған мезгілде оған ешкім кедергі жасауға тиісті емес. Сабақ өтіп болғаннан соң яки сабақ аяқталғаннан кейін ол сабақ жан-жақты талданып, практикант жіберген кемшіліктер толық сөз болады. Методикалық ақыл-кеңестер мектеп мұғалімдері мен методистер тарапынан ғана емес сабаққа қатынасқан басқа студенттер тарапынан да айтылады. Мұның өзі практиканттың келесі сабақтарына мүмкін болғанынша алғашқы сабақтарында жіберген қате кемшіліктерін болдырмауға жәрдем береді. Сабаққа жасалған анализ яғни талқылау дәл, нақты сөздермен айтылуы, практикантқа түсінікті болуы, жірдем беруі шарт. Сабақты талдау кезінде тақырыптан ауытқып, басқа нәрселерді әңгімелеп кетудің қажеті жоқ. әрине, сынақсыз яғни бақылау сабағы болғандықтан бұған баға қойылмайды, дегенмен, ауызша түрде сабақтық қандай дәрежеде екендігі ескерілуі шарт. Себебі методист те, пән маманы, өзге практикант студенттер де осы алғашқы сабақта болған

жағдайға қарап-ақ студенттердің аяқ алысын, өз мамандығына деген құштарлық, қызығушылық, теориялық, методикалық дайындығының қандай дәрежеде екендігін айқын тани алмақ.

Сынақсыз яғни баға қойылмайтын сабақтардың жоспары мен конспектілері студент тарапынан алдын ала әзірленуі белгілі. Студент мектеп мұғалімі мен келісе отырып дайындаған жоспары мен конспектісіне методист кем дегенде бір күн бұрын көріп шығып, бекітуі яғни сабаққа кіруге рұхсат беруі қажет. Өйтпесе, студенттің сабақ өткізуге хақысы болмайды. Бұлай істеу практиканттың өз сабағына жақсы дайындалуына мүмкіншілік береді. Сабақ жоспары бекітілмесе, сабаққа студенттің жіберілмейтіндігін жоғарыда атап өттік. әрине, мұны шартты түрде деп ғана қарау керек. Егер методист белгілі бір жағдайларға байланысты болмай қалғанда пән мұғалімінің бекітуімен де студенттің сабақ өткізуге толық хақы бар.

Сынақ болатын сабақтарға пән мұғалімдері де, методистермен студент-практиканттар да қатынасады. Себебі алғашқы сынақ сабағы аса зор жауапкершілік пен өткізілуге тиіс. Практиканттың сабағында болған барлық адамның толық қатысуымен сабақ талқыланады және барлық шығып сөйлегендердің пікірлерін есепке ала отырып, методист практикант студенттің сабағын бағалайды. Практиканттардың өз жолдастарының сабақтарына қатынасуына, сабақтарды талқылауда өз ой-пікірлерін, методикалық, теориялық жетістіктерімен кемшіліктерін ашық айтулары керек. Сонымен бірге олар өздері бікітілген сынып оқушыларының дәптерлерін текеріп отыруы шарт. Дәптерлерді қалайша тексеру, оқушылардың жазу жұмыстарын орындауда жібіретін қате-кемшіліктерін болдырмау үшін маңызы зор. Сондықтан да оқушылардың дәптерлерін тексергенде, үй тапсырмаларының дұрыс орындалуы мен бірге, оның тазалығына, жазу коллиграфиясының әсемдігіне де ерекше мән беріліп, оқушыға тікелей нұсқау көрсетілуі міндетті.

Өз сыныптарында оқу-тәрбие жұмыстарының мынадай түрлерін төмен үлгеретін оқушыларға көмектер ұйымдастыру /қосымша сабақтар өткізу/ күнделіктерін тексеру, класс сағаттары мен жиналыстарын өткізу, мектептің камалат жұмысымен танысу, камалат жиынын өткеруге қатынасу, немесе өз сыныбының оқушыларын жалпы мектепте болатын істерге дайындау сияқты жұмыстарды орындауы керек. Сол сияқты қазақ тілі және әдебиеті пәніне байланысты кластан тыс жұмыстарды, атап айтқанда белгілі тақырыпқа әдеби кештер ұйымдастыру, үйірмелер жұмысына көмектесу жергілікті музейлер мен театрларға оқушыларды бастап бару, қызыл календар күндеріне арнап қабырға газеттерін, альбомдар шығару, сынып жетекшісінің тапсыруымен оқушылардың үйлеріне барып, олардың тұрмыс жағдайларымен танысу тәрізді көптеген саяси-тәрбиелік істерді орындайды.

Педагогикалық практика барысында әрбір студент кластан тыс зачеттік бір жұмыс орындайды, оның жоспары сынып жетекшісі мен методистердің кеңесі бойынша алдын ала түзіледі және барлық группа студенттерінің қатысуымен өткізіледі. Педагогика және психология кафедрасының методистері қатысып, ол жұмысты Жан-жақты талқылап бағалайды. әрбір студент күнделік дәптерін жүргізеді. Педагогика және психология кафедрасының немесе негізгі пән бойынша методистері күнделік жұмысын қалай жүргізу жолдарымен практикант студенттерді алдын ала үйретіп отырады. Кейде студенттің күнделігіне негізгі педагогикалық істер емес, керісінше өзге әсерлер көбірек бейнеленіп кетеді. Күнделіктерде әр «күні істелген жұмыстармен қатар», студенттің практика кезіндегі байқағандары, өзінше түйгендері, ой-пікірлері мен ескертулері және ұсыныстары жазылып барылады. Практиканың ақырында, студент сынып жетекшісі мен методистің кеңесі мен түзілген оқу-тәрбие жұмыстары бойынша істелген жұмыстардың негізінде және өзінің күнделік дәптеріне сүйене отырып, практиканың есебін жазады. Ол есеп практикаға байланысты басқа да іс қағаздары мен бірге методистерге тапсырылады.

4-курс студенттері практикаға байланысты төмендегі іс қағаздарын тапсыру тиіс.

1.Өткізілген оқу-тәрбие жұмыстары бойынша толық есебі.

2.Сабақтың толық жоспары /конспектi/.

3.Сыныптан және мектептен тыс жүргізілген жұмыстармен өткізілген жұмыстардың тақырыптары, жоспары, конспектiлері.

4.Өзі сынып жетекшілігі қызмет атқарған сынып оқушыларының біреуіне психологиялық-педагогикалық мінездеме беру.

5.Педагогикалық практика барысында жүргізген жеке күнделігі.

6.Оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарлары /тақырыптық және тәрбиелік жоспарлардың кеңейтілген нұсқалары/.

7.Өзі қатынасқан сабақтары туралы пікірлері, методикалық талдаулары /анализдері/ жазылған дәптері.

8.Мектептің басшылары мен сынып жетекшілері тарапынан практикант-студентке берілген мінездеме.

Жоғарыда тап көрсетілген іс-қағаздарына мектеп директорының, немесе оның орынбасарының, сынып жетекшісінің методистердің қолдары қойылған болуы тиіс және ол қағаздар мектептің мөрімен куәландырылса артықтығы болмайды. Осы көрсетілген іс қағаздарының қабылдап алып, практиканттың барлық берілген сабақтарына қойылған бағаларды және өзі бекітілген сыныпта алып барған тәрбиелік жұмыстарды, мектеп басшылары тақырыбынан жүктелген тапсырмалардың орындау сапасын есепке ала отырып, методист оқытушы практикант-студентке қортынды баға \сынақ\ қояды.

Педагогикалық практиканың нәтижесі туралы мектепте немесе факультетте қортынды конференция өткізіледі. Бұл конференцияға практиканттар, методистер мен пән мұғалімдері де аса жауапкершілікпен қарап, тыңғылықты дайындалуы шарт. Қорытынды конференцияның жұмысына мектеп басшылары, сынып жетекшілері, қазақ тілі және әдебиетінің мұғалімдері және факультет бойынша педагогикалық

практиканың басшысымен методистер қатысады. Онда педагогикалық практиканы ұйымдастыру мен өткізудегі жіберілген кемшіліктермен табыстар ғана емес, сонымен бірге, оны жақсылаудың перопективалық шараларымен жолдары қаралады. Конференцияға төмендегі курс студенттерін де қатыстыру қажет. Олар өз әріптестерінің педпрактиканы өткізуде орындайтын жұмыстары практиканың мақсаты, міндеті туралы біраз хабардар болады, келешекте мұндай шаралар олар үшін сабақ болатынын ұға түседі.

4-курс студенттерінің педагогикалық практикасы практиканттардың қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімін және сынып жетекшісінің міндеттерін оңу жылының белгісі бір дәуірінде қыркүйек, қазан, айларында, бірінші тоқсанда өз беттерінше орындаулары арқылы мектептегі оқу тәрбие жұмысының система жүйесімен жақыннан түбегейлі танысуға мол мүмкіндік алады. Бұл практикант мектептің сабақ кестесіндегі көрсетілген сабақтардың барлығын береді және сынып жетекшісінің жоспарында белгіленген сыныптан тыс жұмыстарды да түгел орындайды.

Бітіруші курс студенттерінің педагогикалық практикант бірінші қыркүйекте бастағаны жөн. Өйткені студенттер мектеп оқушыларының алғашқы қоңырауын, салтанатты ланейкасын жиынын көреді, бірінші қоңырау салтанатына қатынасады, ата-аналардың тілек-талаптарымен де танысады. Бұл олардың жүрегінде өзі таңдаған мамандыққа деген қызығушылық сезімін оятады. 4-курстардағы педагогикалық практика негізінен жоғарғы кластарда өткізілуі тиіс болғандықтан, кластарды таңдағанда сабақ жағдайын да ескеріп отырмай болмайды. Студенттің сынып коллективімен танысу уақыты икемделеді, сыныптан, мектептен тыс жұмыстарға алғаш күннен-ақ араласып кетуіне мүмкіндік туар еді.

4- курстың педпрактикасы негізінен жоғарғы сыныптарда өтілетін болғандықтан, олардың 5-9 сыныптардың біріне бекітілуі қажет.

Студенттердің өзі бекітілген сынып оқушыларымен танысуы және өз бетінше бірінші сабаққа дайындалуы практиканың алғашқы аптасында

пассив практика негізінде болады. Бұл уақытта да студенттер қазақ тілі және әдебиеті сабақтарына қатынасады пән мұғалімдерімен бірлікте оқу жоспарын, сыныптан тыс тәрбие істерінің жоспарын түзетеді, өзі беретін сабақтардың тақырыбын, мерзімін, класын белгілейді.

Екінші аптада студенттердің өз бетінше сабақ беруі басталады. Күнделікті сабақ жоспары алдын ала түзіліп оны методист кемінде бір-екі күн бұрын бекітеді. Бұл сабақ жоспарындағы айырым кемшіліктерді практиканттың өз уақытында түзетуіне және сабаққа жақсы дайындалуына мүмкіндік береді.

Сабақ берумен бірге әрбір студент практикант барысында аз дегенде 8-10 қазақ тілі және сонша қазақ әдебиеті сабақтарына кіреді. Соның ішінде параллель сыныптардағы сабақтарға қатынасқаны көп пайдалы. Өйткені, практикант бір жағынан өз жолдастарының сабақ беру тәжірибесімен танысса, екінші жағынан, сабақтың жақсы жақтарын пайдаланумен бірге, өзі жіберген кемшіліктерді байқауға себін тигізеді. Ал кірген сабақтарды өз уақытында талдап, пікір алысу-жоғарғы сыныптарда сабақ беру методикасының ерекшеліктерін тез ұғуға жәрдем етеді.

Стажерлық практиканың өзіне тән тағы бір ерекшелігі студенттердің оқу процесін активтендіру және тәрбие жұмыстарын жақсарту мәселелерін өздері тікелей араласып жүріп, үйренуге жақсы мүмкіншілік алады. Ондай мәселелердің ең бастылары деп мыналарды көрсетуге болады.

а/ қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында оқушылардың белсенділігін арттыру,

ә/ оқушылардың сөйлеу тілін дамыту /тіл ұстарту/ мәселелеріне байланысты жұмыстар,

б/ оқушылардың сыныптан және мектептен тыс жүргізілетін жұмыстарын ұйымдастыру,

в/ сабақ процесінде көрнекті құралдарды, техникалық оқу аспаптарын пайдалану,

г/ қазақ тілі және әдебиеті кабинеттерінің жұмыстарын талап деңгейінде етіп ұйымдастыру.

Практика уақытында оқу-тәрбие істері бойынша орындалған жұмыстар практикадан соңғы қорытынды конференцияда қарап, толық талқыланады.

4- курс студенттері педагогикалық практикадан соң мынадай іс-қағаздарын тапсырады,

1. Оқу-тәрбие істері бойынша есебі.
2. Өткізілген сабақтардың конспектісі /жоспары/
3. Сыныптан тыс жүргізілген жұмыстардың есебі, конспектісі және жоспары.
4. Өзі бекітілген сыныпқа психологиялық-педагогикалық мінездеме,
5. күнделік дәптер,
6. Оқу-тәрбие істерінің жоспары /тақырыптық және тәрбиелік жоспарлары/,
7. Кірген, қатынасқан сабақтарына талдау жасаған дәптері
8. Мектеп басшыларымен сынып жетекшілерінің студент-практикантқа Берген мінездемесі.
9. Педагогикалық практиканттың сапасын жақсылау бойынша пікірлері мен ұсыныстары
- 10.Талқыланған сабақтардың протоколдары.

Педагогикалық практика кезінде орындалған оқу-тәрбие істерін жан-жақты қорыта келіп, методистер практикант-студенттің практикадағы жұмысын бағалайды және әрбір студентке келешекте өзі таңдаған мамандықты қалай меңгеріп кететіні жөнінде мінездеме береді.

Педагогикалық практика аяқталған соң мектепте қысқаша қортындылау конференциясы өткізіледі. Оның жұмысына методистер, мектеп басшылары мен қазақ тілі және әдебиеті мұғалімдері, класс жетеншілері және барлық студенттер қатысады.

Практиканың ең соңғы кезеңі факультетте өткізілетін 4 курс студенттерінің жалпы конференциясы. Онда педагогикалық практиканың

қорытындысы жан-жақты кең талқыланады. Группа студенттері практикадан алған әсерлерін оны өткізу бойынша тілектері мен ойларын ортаға салады.

Практиканы ұйымдастыру ісін жақсылау шаралары көріледі. Әрбір группа не бөлім практиканың қорытындысы бойынша «Практиканттар бұрышын» не кішкене көрме ұйымдастырады. Оған студенттердің атқарған жұмыстары жөніндегі есебі, сабақтың жоспары, оқу-тәрбие істерінің жоспары, көрнекі құралдар, слайдтар, баннерлер, қабырға газеттер, фотостендтер, альбомдар, оқушылардың дәптерлері, салған суреттері қойылады.

Группа методистері практика кезінде өткерілген барлық оқу-тәрбие жұмыстарының орындалу сапасын, қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі мен сынып жетекшілерінің және өз бақылағандарын жан-жақты есепке ала отырып, әрбір практикантқа баға не «балл» қояды. Қойылған бағалар группа студенттерінің жалпы жиналысында жарияланады. Практикантта бағалағанда студенттердің оқытқан сабақтары мен сыныптан тыс алып барған тәрбие жұмыстарының сапасы, өз жолдастарының сабақтарын талқылай білу қабілеті, оқушылардың дәптерлері мен күнделіктерінің тексерілу сапасы, практиканттың тапсырылған жұмыстарға ықыласы мен оны орындауы, сынып оқушыларымен қарым-қатынасы, мектептегі қоғамдық жұмыстарға қатынасу белсенділігі мен орындауы, оқу-тәрбие істеріне қойылатын талаптарды творчестволықпен шешу дәрежесі, қоғамдық орындардағы тәртібі т.б түрлі жақтары есепке алынады. Практикант-студентке «бес» бағасы мына төмендегі талаптарға жауап берсе ғана қойылады. Егер студент,

1. Қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша айрықша теориялық және методикалық білім көрсетіп, оны практикада пайдалана білсе, өтілетін тақырып бойынша материалдарды дұрыс таңдай және оларды оқушыларға жүйелі түрде жеткізудің тиімді тәсілдері мен методикасын таба білсе, сабақты творчестволықпен құра білсе,
2. Оның сынақ сабақтарының басым көпшілігімен 100 баллмен бағаланса.

3. Өз жолдастарының сабақтарына қатынасып, оларды жан-жақты талқылай және бағалай білсе, сондай қабілетке ие болса.
4. Белгіленген сыныптас тыс және мектептен тыс тәрбиелік жұмыстарды өз уақытында әрі сапалы дәрежеде орындаса.
5. Оқушылардың дәптерлерімен күнделіктерін системелы және сапалы түрде тексеріп тұрғанда.
6. Өз сабағын ойын көзбен қарап, талдай және бағалай білсе, сонымен бірге өзінің сабақ берудегі пайдаланған тәсілдері мен әдістерін толық тиімділігі мен нәтижелілігін дәлелдей алған жағдайда.
7. практика кезінде тәртіптілік, белсенділік, жұмыста ұйымдастырушылық қабілеті мен ұқыптылық және әр қандай тапсырмаға деген ықылас көрсете алса,

Студенттерге қойылатын басқа бағалар үшін де осы жоғары да аталған критерийлер негіз бола алады.

4- курс студенттерінің педагогикалық практикасын сапалы етіп ұйымдастыру және алып бару үшін практиканың факультет көлемінде және әрбір оқу группасы бойынша басшылары белгіленеді. Олардың әрқайсысының өздеріне тиісті атқаратын міндеттері бар.

Практиканың факультет бойынша басшысының орындайтын жұмыстары.

- әрбір оқу жылының және практиканың әрбір түрінің алдында тұрған міндеттерімен-мақсаттарды есепке ала отырып, кафедралардың оқу жоспарларының негізінде факультет бойынша педагогикалық наұқанның өткізілетін қала, аудан мектептерімен байланыс жасау, студенттерді мектептерге бөлістіру ісіне ат салысады.

-Методикалық кабинеттің және кафедра лаборанттарымен бірлікте студенттерді тиісті оқу методикалық құралдарымен, материалдарымен қамтамасыз ету,

- Педагогикалық практиканың басталар алдында группа методистері және студенттерімен инструкциялық-методикалық қорытынды конференция өткереді.

- Студенттердің сабақтарына кіріп, оларды талқылауға қатысады.

Практиканттардың оқу-тәрбие жұмыстарын және группа методистерімен пән мұғалімдерінің студенттер практикасын басқаруын бақылайды.

- практиканың қорытындысы юойынша студенттердің есебінің және іс қағаздарының дұрыстығын тексереді, олардың дұрыс бағалануын қадағалайды.

- педагогикалық практиканың факультет бойынша есебін түзеді, оын деканатқа және университеттер бойынша не институт бойынша практикаға жетекшілік ететін қызметкерге тапсырады,

- практиканың қорытындысы бойынша факультет кеңесінде есеп береді.

-Педагогикалық практика өткізілген мектеп басшылары, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдерінің іс ақысының ведомотын түзіп, институт бойынша практика басшысына тапсырады.

- Студенттердің келесі болатын практикасының шараларын істеп шығады.

Группа методистерінің атқаратын жұмыстары.

- Мектеп директорымен оның, оқу және тәрбие істері бойынша орынбасарларымен байланыс жасайды және олардың студенттермен кездесуін ұйымдастырады, студенттерді сынып жетекшілерімен, қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерімен таныстырады, студенттерді сыныптарға бөлу, бекіту істерін басқарады.

-Студенттердің сабаққа қатынасын бақылап барлық жоспарланған жұмыстардың орындалуын қадағалайды, студенттердің сабақ беруге дайындалуына методикалық жақтан көмек береді.

- студенттердің көнділікті сабақ жоспарын тексеріп, оған тиісті ұсыныстар жасайды, кемшіліктерін көрсетеді, конспектілерін қарап, оны бір-екі күн ілгері бекітеді.

- сынақ сабақтарына қатынасып, олардың өз уақыттарында талқылануын бақылайды, әрбір талқыланған сабаққа протокол жазылуын ұйымдастырады.

- практика уақытында студенттердің мектептің оқу-тәрбие істерін жан-жақты үйренуіне, мектеп басшыларымен сынып жетекшілерімен бірлікте жағдай жасайды, басшылық етеді.

- студенттердің өздері бекітілген сыныптарда алып баратын сыныптан және мектептен тыс тәрбиелік, қоғамдық жұмыстарын ұйымдастырылуын қадағалайды.

-практикадан кейін болатын қорытындылау конференциясының жұмысын ұйымдастырады, оған студенттерді тартады олардың қандай мәселелер бойынша баяндамалар жасауына көмектеседі, студенттердің есебін іс қағаздарын дайындауына кеңес береді.

- педагогикалық практиканы қорытындылап студенттерге сынақ не баға қояды, практиканың жазба есебін кафедраға факультет бойынша практика басшысына тапсырады, студенттердің іс қағаздарын қабылдайды, кафедра мәжілісімен факультет кеңесінде практиканың өтуі және оның қорытындысы бойынша есеп береді.

Пән мұғалімдерінің орындайтын жұмыстары,

- группа методистерімен бірлікте студенттерді сыныптарға бөліп бекітеді, сынып жетекшілерімен таныстырады, педагогикалық практиканы ұйымдастыруға байланысты мәселелерді шешуге көмектеседі,

- студенттердің өз бетінше сабаққа дайындалуына, сабақ конспектісін түзуге, көрнекті құрал жасауға оны пайдалану бойынша методикалық кеңес береді, тақырыптық жоспармен әдеби үйірменің іс жоспарымен таныстырады.

- студенттердің сабақтарына қатынасып, талдау уақытында әр түлі кеткен кемшіліктерді болдырмау және сабақтың сапасын жақсылау үшін өз тәжірибесін үйретеді,

- практикадан соң студенттердің сабақтарын бағалауға қатынасып өз пікірін айтады.

Сынып жетекшілерінің орындайтын жұмыстары.

- Өзі жетекшілік ететін сыныпқа бекітілген студенттерді сынып оқушыларымен /коллективімен/, оның активисттерімен таныстырады, сынып коллективіне және әрбір оқушыға қысқаша мінездеме береді.
- Практиканттарды сыныптың тәрбие жоспарымен таныстырып, практика кезінде істелетін жұмыстарды белгілейді.
- Сыныптан тыс тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруға практиканттарға көмек береді, жұмыстың сапасын бақылайды.
- Сынып сағаттарын политинформациялар, ата-аналар жиналысын әртүрлі тақырыпта кешелер мен үйірме жұмыстарын ұйымдастыруда өз тәжірибесін студенттерге үйретеді,
- Практикадан соң студенттердің өз сыныбында алып барған тәрбие істерінің сапасы бойынша оларға мінездеме береді және оларды бағалауға қатысады.

Мектеп басшыларының міндеттері

Студенттерді мектеп тұрмысы мен, оның оқу өндірістік базасымен мектеп традицияларымен, оқу-тәрбие жұмыстарының барысы мен мектептің іс қағаздарымен, мектеп басшыларының міндеттерімен, ата-аналар комитетінің алып баратын жұмыстарымен таныстырады.

- практикадан соң студенттердің сынып жетекшілерімен сөйлесе отырып, олардың студент практикантқа Берген мінездемесін қарап бекітеді, т.б іс қағаздарына, документтеріне де қол қойып бекітіп береді.
- педагогикалық практиканы сапалы өткізу үшін студенттерге қолайлы жағдай, жақсы мүмкіндік туғызады.
- студенттерді педагогикалық кеңесінің ата-аналар комитетінің және басқа да қоғамдық ұйымдардың жиналыстарына, жұмыстарына мүмкіндік жасайды.

Кафедраның педагогикалық практикаға қатынасатын мүшелері.

Студенттердің сынақ сабақтарына кіріп, оларды талдауға қатынасады, методикалық жақтан ақыл, кеңес нұсқаулар беріп отырады.

Сыныптан және мектептен тыс жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру бойынша өз тәжірибесімен таныстырады.

Сабақ процесінде студенттердің өз білімдерін практикада қалай пайдаланатынын іске асыратынын байқайды, лекцияда және практикалық жұмыстарда, семинарларда қандай мәселелерге көбірек көңіл бөлу қажеттігін анықтайды.

Қазақ тілі және әдебиеті пәндеріне байланысты ғылымдағы жаңалықтар мен теориялық мәселелерді оқушыларға қалай түсіндіру бойынша студенттерге методикалық көмек береді, ғылыми-теориялық әдебиеттермен, жаңалықтармен оларды жүйелі түрде таныстырып отырады.

Кафедра меңгерушісі әрбір оқытушының өзі оқытатын теориялық пән ғылым негіздерін студенттердің қалай меңгеріп, оны практикада қалай пайдаланып жатқанын бақылап отырыуын міндеттеуі тиіс.

Сондай-ақ, практиканың жақсы, талап дәрежесіне өтуі үшін кафедрадағы оқытушылар, өзге де қызметкерлер студенттер үшін практиканттар бұрышын жасап, оны методикалық ғылыми әдебиеттермен толықтырып отырады. Әсіресе, белгілі бір тақырып бойынша тіл не әдебиетке байланысты сыныптан тыс жұмыстар өткізу мезгілінде кафедра мүшелері студент-практиканттардың жұмыстарына методикалық жәрдем беруі, өздері де қатысып пікірлерін ортақтасуы шарт.